

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

## ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН  
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА  
PUBLISHED SINCE 1944

4

---

АЛМАТЫ  
АЛМАТЫ  
ALMATY

2017

JULY  
ИЮЛЬ  
ШІЛДЕ

Б а с р е д а к т о р ы

х. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА академигі

**М. Ж. Жұрынов**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

**Абиев Р.Ш.** проф. (Ресей)  
**Абишев М.Е.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Аврамов К.В.** проф. (Украина)  
**Аппель Юрген** проф. (Германия)  
**Баймуқанов Д.А.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Байпақов К.М.** проф., академик (Қазақстан)  
**Байтулин И.О.** проф., академик (Қазақстан)  
**Банас Иозеф** проф. (Польша)  
**Берсимбаев Р.И.** проф., академик (Қазақстан)  
**Велихов Е.П.** проф., РҒА академигі (Ресей)  
**Гашимзаде Ф.** проф., академик (Әзірбайжан)  
**Гончарук В.В.** проф., академик (Украина)  
**Давлетов А.Е.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Джрбашян Р.Т.** проф., академик (Армения)  
**Қалимолдаев М.Н.** проф., академик (Қазақстан), бас ред. орынбасары  
**Лаверов Н.П.** проф., академик РАН (Россия)  
**Лупашку Ф.** проф., корр.-мүшесі (Молдова)  
**Мохд Хасан Селамат** проф. (Малайзия)  
**Мырхалықов Ж.У.** проф., академик (Қазақстан)  
**Новак Изабелла** проф. (Польша)  
**Огарь Н.П.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Полещук О.Х.** проф. (Ресей)  
**Поняев А.И.** проф. (Ресей)  
**Сагиян А.С.** проф., академик (Армения)  
**Сатубалдин С.С.** проф., академик (Қазақстан)  
**Таткеева Г.Г.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Умбетаев И.** проф., академик (Қазақстан)  
**Хрипунов Г.С.** проф. (Украина)  
**Якубова М.М.** проф., академик (Тәжікстан)

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print)**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде  
01.06.2006 ж. берілген №5551-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,  
www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

---

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2017

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г л а в н ы й р е д а к т о р  
д. х. н., проф. академик НАН РК  
**М. Ж. Журинов**

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

**Абиев Р.Ш.** проф. (Россия)  
**Абишев М.Е.** проф., член-корр. (Казахстан)  
**Аврамов К.В.** проф. (Украина)  
**Апель Юрген** проф. (Германия)  
**Баймуканов Д.А.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Байпаков К.М.** проф., академик (Казахстан)  
**Байтулин И.О.** проф., академик (Казахстан)  
**Банас Иозеф** проф. (Польша)  
**Берсимбаев Р.И.** проф., академик (Казахстан)  
**Велихов Е.П.** проф., академик РАН (Россия)  
**Гашимзаде Ф.** проф., академик (Азербайджан)  
**Гончарук В.В.** проф., академик (Украина)  
**Давлетов А.Е.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Джрбашян Р.Т.** проф., академик (Армения)  
**Калимолдаев М.Н.** академик (Казахстан), зам. гл. ред.  
**Лаверов Н.П.** проф., академик РАН (Россия)  
**Лунашку Ф.** проф., чл.-корр. (Молдова)  
**Моход Хасан Селамат** проф. (Малайзия)  
**Мырхалыков Ж.У.** проф., академик (Казахстан)  
**Новак Изабелла** проф. (Польша)  
**Огарь Н.П.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Полещук О.Х.** проф. (Россия)  
**Поняев А.И.** проф. (Россия)  
**Сагиян А.С.** проф., академик (Армения)  
**Сатубалдин С.С.** проф., академик (Казахстан)  
**Таткеева Г.Г.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Умбетаев И.** проф., академик (Казахстан)  
**Хрипунов Г.С.** проф. (Украина)  
**Якубова М.М.** проф., академик (Таджикистан)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print)**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

---

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2017

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

**M. Zh. Zhurinov**

E d i t o r i a l b o a r d:

**Abiyev R.Sh.** prof. (Russia)  
**Abishev M.Ye.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Avramov K.V.** prof. (Ukraine)  
**Appel Jurgen,** prof. (Germany)  
**Baimukanov D.A.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Baipakov K.M.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Baitullin I.O.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Joseph Banas,** prof. (Poland)  
**Bersimbayev R.I.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Velikhov Ye.P.** prof., academician of RAS (Russia)  
**Gashimzade F.** prof., academician ( Azerbaijan)  
**Goncharuk V.V.** prof., academician (Ukraine)  
**Davletov A.Ye.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Dzhrbashian R.T.** prof., academician (Armenia)  
**Kalimoldayev M.N.** prof., academician (Kazakhstan), deputy editor in chief  
**Laverov N.P.** prof., academician of RAS (Russia)  
**Lupashku F.** prof., corr. member. (Moldova)  
**Mohd Hassan Selamat,** prof. (Malaysia)  
**Myrkhalykov Zh.U.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Nowak Isabella,** prof. (Poland)  
**Ogar N.P.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Poleshchuk O.Kh.** prof. (Russia)  
**Ponyaev A.I.** prof. (Russia)  
**Sagiyani A.S.** prof., academician (Armenia)  
**Satubaldin S.S.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Tatkeyeva G.G.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Umbetayev I.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Khripunov G.S.** prof. (Ukraine)  
**Yakubova M.M.** prof., academician (Tadjikistan)

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print)**

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,  
<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

---

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2017

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

**M. O. Nassimov**

University «Bolashak», Kyzylorda, Kazakhstan.

E-mail: nasimov\_m@mail.ru

## **FOREIGN SCHOOLS OF POLITICAL SCIENCE: MAIN IDEAS AND PROBLEMS**

**Abstract.** The increasing role of policy and its impact on the economy, ideology and culture is a characteristic phenomenon of the XX century. Therefore, political science as an independent field of social knowledge developed in the XX century. Formation of political science was determined by several factors. Objectively, this is due to the development of industrial society, the democratization of public life, complications of social structures, increased political activity of people.

In the article it was considered a foreign political thought in the context of the features of schools of political science. The article deals with foreign political thought in the XX century. The purpose of the study is to figure out the basics of modern political science, its main directions and trends, to get acquainted with the theories of eminent specialists of the XX century, the development of which constitute the theoretical and methodological foundations of many interesting, reasoned, adequate reality in the field of political science research.

The object of the research is foreign political thought of Anglo-American, French and German schools of political sciences. The subject of research is the main ideas and problems of foreign schools of political science.

**Keywords:** political thought, the main political theories, the basic political concepts, Anglo-American school of political science, French school of political science, German school of political science, the political science school representatives.

ӨОЖ 32.019.51

**М. Ө. Насимов**

Болашақ университеті, Қызылорда, Қазақстан

## **ШЕТЕЛДІК САЯСИ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ МЕКТЕПТЕРІ: НЕГІЗГІ ИДЕЯЛАРЫ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аннотация.** Саясат рөлінің артуы, оның экономикаға, идеологияға, мәдениетке ықпалы XX ғасырға тән құбылыс болып табылады. Сондықтан саясаттану әлеуметтік білімнің жеке саласы ретінде өткен ғасырда қалыптасты. Саяси ғылымдардың қалыптасуына көптеген жағдайлар ықпал етті. Шындығында бұл жағдайды индустриалды қоғамның дамуы, қоғамдық өмірді демократияландырудың, қоғамдық құрылымдардағы өзгерістер, халықтың саяси белсенділігінің күшеюімен түсіндіруімізге болады.

Мақалада шетелдік саяси ой-пікірлер саяси ғылымдар мектептерінің ерекшеліктері шеңберінде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – заманауи саясаттанудың негіздері, оның бағыттары мен үрдістерін айқындау, саяси ғылымдардағы зерттеулерді құрайтын көптеген қызықты, дәлелді, шынайы нәтижелердің теориялық және әдістемелік негіздерінің әзірлемелерін қалыптастырған XX ғасырдың танымал мамандарының теорияларымен танысу.

Зерттеу нысаны – ағылшын-америкалық, француз, неміс саяси ғылымдары мектептері өкілдерінің саяси ой-пікірлер болып табылады. Зерттеу пәніне саяси ғылымдардың шетелдік мектептерінің негізгі идеялары мен мәселелері жатады.

**Түйін сөздер:** саяси ой-пікірлер, негізгі саяси теориялар, негізгі саяси тұжырымдамалар, саяси ғылымдардың ағылшын-америкалық мектебі, саяси ғылымдардың француз мектебі, саяси ғылымдардың неміс мектебі, саяси ғылымдар мектептерінің өкілдері.

**Кіріспе.** Саясаттадамның ерекше қызметі ретіндеерте кезден ғылыми зерттеулердің пәніне айналды. Алғашында саясат туралы ілім философияның құрамдас бөлігі болып табылды. Әлемдік саяси ойлар тарихын зерттеу ағымдағы саяси өмірді толық тану қажеттілігімен қатар, келешекті болжау үшін де қажет. Өйткені, өткенді білу болашақтағы ықтимал қателіктер мен жаңсақтықтарды қайталамауға мүмкіндік береді.

Заманауи саяси тұжырымдардың идеялық негіздерін қалыптастыруда ХХ ғасырдағы шетелдік ғалымдардың әлеуметтік-саяси көзқарастары және тұжырымдамаларының рөлі мен орны ерекше. Өз заманында қалыптасқан теориялар оны құрушы ғалымның көзқарастарымен қатар, өз дәуіріндегі әлеуметтік топтар мүдделері мен әлеуметтік-саяси шындықпен ұштасады.

Сондықтан зерттеудің негізгі мақсаты заманауи саясаттанудың негіздері, оның бағыттары мен үрдістерін айқындау арқылы саяси ғылымдардағы зерттеулерді құрайтын көптеген қызықты, дәлелді, шынайы нәтижелердің теориялық және әдістемелік негіздерінің әзірлемелерін қалыптастырған ХХ ғасырдың танымал мамандарының теорияларымен танысып, жаңғыртылған көзқарастарды қалыптастыру болып табылады. Қалыптасып үлгерген шетелдік саясаттану мектебінің жетістіктерін толықтай қарастыру жаңа зерттеулерді қажет ететіндігін мойындауымыз қажет. Материалдарды оқу үрдісінде кеңінен пайдалану білімгерлердің кезекті ізденістеріне әкелетіндігіне толықтай сенімдіміз.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысының эмпирикалық деректері ХХ ғасырдағы шетелдік саяси ғылымдар өкілдерінің теориялық-тәжірибелік еңбектері арқылы жүргізілді. Зерттеу жұмысы барысындағы нәтижелерді алу шет елдік және ресейлік ғалымдар зерттеулерлері мен аудармаларының теориялық әдебиеттерін салыстырмалы талдау арқылы мүмкін болды. Зерттеу жүргізуге саяси институттар мен ғылымды саясаттанулық тұрғыдан талдайтын әр түрлі тұжырымдамалар және жүйелік-құрылымдық, тарихи-философиялық, институционалды талдау әдістері арқау болды.

**Зерттеу нәтижелері және талқылау.** Заманауи саяси ғылымдар көптеген танымал ғалымдар, мектептер мен бағыттар бойынша ерекшеленеді. Олардың түрлі негіздерге қарай сипатталуына байланысты бірнеше саясаттанулық мектептер қалыптасқан. Біз географиялық қағидаларға сүйенген ерекшеліктер бойынша жіктеуге сүйендік. Сондықтан заманауи шетелдік саяси ғылымдарда танымал ағылшын-америкалық, француз және неміс мектептері өкілдерінің тұжырымдамаларына назар аударуды жөн көрдік

**Саяси ғылымдардың ағылшын-америкалық мектебі.** Заманауи шетелдік саяси ғылымдарда америкалық саясаттану мектебі жетекші рөл атқарады. Америкалық саясаттану мектебінің қалыптасуына Платон мен Аристотель саяси идеялары және Т. Гоббс, Дж. Локк, Ш. Монтескье классикалық конституционализмнен туындаған дәстүрлі әдістер мен тұжырымдамалар ерекше ықпал жасады. Америкалық саясаттанулық мектептің төмендегідей бағыттары қалыптасқан:

1. Саяси ғылымдардың теориялық мәселелері (Р. Даль, Д. Истон және т.б.). Негізгі назар саяси тұрақтылық пен жаңғырту мәселелеріне, саяси жүйелер мен режимдердің қызметіне аударылады.

Саясаттанушы Роберт Алан Даль (1915-2014) өзінің «Полиархия: қатысу және оппозиция» [1] атты еңбегінде ізгі демократиялық тәртіптің белгілерін атап көрсетеді: жалпы сайлау құқығы; дауыс беру құқығы, ресми лауазым алуға тең құқық; әділетті сайлау; үкіметті, қоғамды, үстемдік етуші идеологияны сынға алуды қоса алғанда еркін ойларды қорғау; баламалы бұқаралық ақпарат құралдарының болуы; оппозициялық партияларды қоса алғанда тәуелсіз ұйымдар құру бостандығы; үкіметтің сайлаушылар алдындағы біршама жоғары жауапкершілігі.

Р. Даль шынайы саяси режим ретінде полиархияны (көптік, биліктің жан-жақтылығы) санайды. Оның пайымдауынша, полиархия – бұл азаматтардың саяси қатысуының жоғары деңгейі және түрлі топтар мен саяси лидерлердің сайлаушылар қолдауы күресінде дамыған саяси бәсекелестік маңызды орын алған саяси режим. Полиархияда азшылықтың басқаруы рұқсат етілгенімен, ол көпшілікпен бақылауға алынады.

Ол демократияның тарихы мен теориясын терең талдай отырып полиархияның төмендегідей белгілерін айқындайды: конституциямен кепілдендірілген билік органдарының сайланатындығы; мәжбүрлеу тетіктері қолданылмайтын еркін және әділетті сайлауларды тұрақты және мерзімді түрде өткізу; ересек тұрғындардың барлығы сайлау құқығын иеленген жалпы сайлау құқығы; билік органдарына сайлану құқығы; өз ойын білдіру бостандығы; баламалы ақпарат алу; ассоциациялардың дербестігі.

Саяси жүйелер теориясының негізін американдық саясаттанушы Дейвид Истон (1917-2014) «Саяси жүйе» (1953 ж.) [2], «Саяси талдау шегі» (1965 ж.) [3], «Саяси өмірдің жүйелік талдауы» (1965 ж.) [4] атты еңбектері арқылы қалады. Ол саяси жүйені өзінен өзі реттелетін және дамушы мүше ретінде көзқарасын әзірледі. Оның көзқарасы бойынша жүйенің *кірісі* бар және оған сырттан талаптар негізіндегі түрткілер түседі. Талаптар қоршаған ортамен қатар, жүйе ішінде де пайда болуы мүмкін. Олар адамдардың мінез-құлқы мен мүдделерінің себептерін, талаптардың нәтижелілігін қамтиды. Саясаттанушы талаптардың үш түрін айқындайды: *үлестірілетін* (табыс пен жұмыс уақыты, білім алу шарттары, қызмет көрсетудің шарттары және т.б.); *реттелетін* (қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, нарық бағаларын бақылау және т.б.); *қарым-қатынастық* (саяси ақпараттар ұсыну, саяси күштерді көрсету және т.б.).

Д. Истонның пайымдауынша, саяси жүйе ашық, ол қоршаған ортадан келетін көптеген ықпалға ұрынады. Мұндай ықпал әлсіз болған жағдайда саяси жүйе қоғамды тұрақтандыратын шешімдерді қабылдауға қажетті ақпараты болмайды. Ықпал ету қуатты, бірақ, біржақты болса, жүйе тұрғындардың бір ғана тобы мүддесі үшін шешім қабылдайды, ал бұл өз кезегінде ахуалдың тұрақсыздығына әкеледі. Сонымен бірге, ықпал ету соншалықты қуаттырақ болған жағдайда ақпараттар молая түсіп, ол қате шешімдер қабылдауға ұрындырады.

2. Салыстырмалы саясаттанулық зерттеулер (Г. Алмонд, С. Верба, С. Липсет). Негізгі назар бірнеше мемлекеттерде бір мезгілде біртұтас бағдарламалармен өткізілетін эмпирикалық зерттеулерге аударылады. Мұндай зерттеулердің мақсаты – экономика, саясат және тұрақтылық арасындағы бағыныштылықты, саяси мәдениеттің ерекше белгілері мен түрлі елдер халықтары мен мәдениеттерінің либерализм құндылықтары түсініктерін зерттеу.

Теориялық және салыстырмалы саясаттану саласының маманы Габриэль Алмонд (1911-2002) саяси жүйелер мен саяси мәдениет теориялары бойынша жазылған еңбектерінің саяси ғылымдардағы танымалдылығы жоғары. Ол ғылыми зерттеудің құрылымдық-функционалдық моделін қалыптастырды. Бұл көзқарастары оның саяси ғылымдардың даму тарихын [5] сараптаумен айқындалды.

Салыстырмалы саяси жүйені қарастыру барысында ол саясат философиясына сүйенді, теорияны саяси жүйенің тұжырымдамалық құрамдас бөліктерімен біріктіріп, құрылымдық функционализм идеясын дәйектеді. Бұл нәтижелі еңбегі әлемдегі саяси жүйелердің маңызды түрлерін ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде салыстыруға ықпал жасады. Жалпыдан жекеге қатынасы арқылы қоғамның саяси жүйесі ұғымына анықтама берді.

Ғалым Сидней Вербамен (1932 жылы туылған) бірлескен «Азаматтық қоғам: саяси нұсқаулар және бес мемлекеттегі демократия» [6] атты еңбегінде саяси мәдениет теориясының негізін қалайды. Салыстырмалы талдау негізінде авторлар саяси мәдениет типологиясын ұсынды және қоғамның саяси өміріндегі азаматтық мәдениет тұжырымдамасын дәйектеу барысында заманауи демократия маңыздылығын айқындады.

Әлеуметтанушы әрі саясаттанушы Сеймур Мартин Липсет (1922-2006) жаңғырту теориясының негізін қалаушылардың бірі. Оның әлеуметтік қозғалыстар, саяси радикализм, жаңғырту теориялары, кәсіподақтық демократия және әлеуметтік тұтастық жөніндегі еңбектері саяси ғылымдар үшін маңызды. Жаңғырту теориясының негізін қалауға оның салыстырмалы саясаттану, демократия әлеуметтануы, экономикалық және демократиялық даму деңгейі арасындағы теорияларды талдауы септігін тигізді. Оның «Саяси адам: саясаттың әлеуметтік негіздері» [7] атты маңызды еңбегінде демократия, авторитаризм мен фашизмнің әлеуметтік негіздері сарапталады. Нәтижелер елдердің саясаты мен сайлау өткізу мысалдарымен қатар, кәсіподақтардың рөлін айқындау арқылы да жүргізілді. Сонымен бірге, еңбекте демократиялық қоғамдағы зиялылардың рөлі де дәйектеледі.

3. Халықаралық мәселелер, өркениеттің дамуы мен жаһандық өзара тәуелділік саласындағы зерттеулер (З. Бжезинский, С. Хантингтон және т.б.). Бұл бағыттағы ғалымдар Батыс пен Шығыс арасындағы қатынастар, саяси қақтығыстар себептері мен посттоталитарлық дамудың мәселелерін қарастырады.

АҚШ сыртқы саясатының идеологы әрі ардагері Збигнев Бжезинский (1928 жылы туылған) өзінің «Бақылаусыз. XXI ғасыр қарсаңындағы жаһандық тәртіпсіздік» атты еңбегінде қырғи-қабақ соғыстан кейінгі геосаяси ахуалдың дамуына сараптама жүргізеді. Автордың пайымдауынша, Кеңестер Одағының құлауы Евразияны геосаяси вакуумге әкеледі.

Оның стратегиялық көзқарастарға толы тұжырымдары соңғы он жылдықта аса қарқынды епінділікпен жарияланып келеді. Соңғы жылдардағы ғалымның геосаяси ойлары «Ұлы шахмат тақтасы: Американың үстемдігі және оның геостратегиялық императивтері» [8], «Америка және әлем: америкалық сыртқы саясаттың келешегі туралы сұхбаттар» [9], «Стратегиялық көзқарас: Америка және жаһандық дағдарыс» [10], «Ресей үшін украиндық мүмкіндік» [11] атты кітаптарда, бұқаралық ақпарат құралдарындағы сұхбаттарда жарияланды. Өзінің көптеген геосаяси еңбектерінде ол жаңа америкалық экспансионизм доктринасын жиынтықтайды.

Америкалық әлеуметтанушы әрі саясаттанушы Сэмюэл Филлипс Хантингтон (1927-2008) «Өркениеттер қақтығысы» [12] атты еңбегінде өркениеттерді этномәдени бөлу тұжырымдамасын дәйектейді. Геосаяси тұжырымдарға толы еңбектің негізгі идеялары төмендегідей:

өркениеттер – бұл жалпы анықталатын сипаттарға ие мемлекеттердің үлкен конгломераты (мәдениет, тіл, дін және т.б.); өркениет елдермен салыстырғанда көп жағдайда ұзақ өмір сүреді; ежелгі өркениет әлемі пайда болғаннан кейін (Ежелгі Египет, Ежелгі Шумер, Вавилония, Ежелгі Қытай, Ежелгі Үндістан) олардың арасында үш мыңжылдық көлемінде ешқандай байланыс болмады немесе қатынастар сирек болды және шектелді; әрбір өркениет өзін әлемнің маңызды орталығы ретінде көреді және осы түсінікке сәйкес адамзат тарихын қамтиды; Батыс өркениеті біздің эрамыздың VIII-IX ғасырларында пайда болды. Өзінің шарықтау шегіне XX ғасырдың басында жетті; батыс ықпалын (вестернизация) қабылдау және технологиялық прогресс (жаңғырту) жеке түрде жүргізілуі мүмкін; діни фанатизм көп жағдайда тұрғындардың жаңғыртуға, вестернизацияға реакциясы ретінде көрініс табады және т.б.

4. Қоғамдық пікір қозғалысын зерттеу. Басты назар сайлаушылардың дауыс беру барысындағы ілтипаты, саясаткерлер, саяси институттар мен саяси шешімдер имиджін қалыптастыруға, зерттеулер жүргізуге қажетті әдістер мен құралдарды әзірлеуге аударылады.

5. Саяси билік мәселелерін зерттеу. Саяси биліктің конституциялық негіздері мен қағидаларын айқындау. Қоғамдық пікір қызметінің тетіктері мен саяси партиялар қызметін анықтау.

Саясаттанудың америкалық мектебі ағылшын саяси ғылымдарына елеулі ықпал жасады. Заманауи үлгідегі ағылшын саясаттануы гуманитарлық ғылымдардың жаңа саласын құрып, саяси зерттеулерде экономикалық, әлеуметтанулық, әлеуметтік-психологиялық бағыттар бойынша жұмыстар жүргізуде. Бұл ретте ағылшын саяси жүйесі, сайлау институты, түрлі ресми және бейресми топтар тарапынан үкімет пен парламентке саяси қысым жасау тетіктері, сайлаушылардың саяси мінез-құлық психологиясына мән беріледі. Заманауи ағылшын саяси ғылымдарының негізгі мәселелеріне айналды: қақтығыс теориясы; келісім теориясы; плюралистік демократия теориясы.

Ағылшын саяси ғылымдарының да қайнаркөзі XIX ғасырларда жатыр. Соғыстан кейінгі кезеңдерде мектеп өкілдері мінез-құлықты зерттеуге мән беріп, бір-бірімен бәсекелес екі бағыт қалыптасты:

*Экономикалық* – саясатты барынша көп пайда табуға ұмтылатын адамдардың рационалды қызметінің саласы ретінде қарастырады. *Әлеуметтанулық* – экономистердің «анайылық» тәсілдерінен құтылу арқылы адамдардың саяси мінез-құлқына мәдени дәстүрлердің ықпалы нәтижесін көргісі келеді. Жетекші саясаттанушылар ретінде Г. Ласки, М. Оукшоттты ерекше атап өте аламыз.

Гарольд Джозеф Ласки (1893-1950) өзінің еңбектерінің басым бөлігінде мемлекеттердің кейбір өкілеттіліктеріне сынмен қарайды. «Саясат грамматикасы» (1925 ж.), «Заманауи мемлекеттегі еркіндік» (1930 ж.) атты еңбектерінде демократиялық социализм идеяларын қолдайды. Ал кейінгі еңбектерінде ол социализмге зорлық-зомбылық жолымен өтудің қажеттілігі туралы пікірлерін білдіреді. Соғыс жылдарында жарық көрген «Reflections on the Revolution of Our Time» (1943 ж.) және «Faith, Reason, and Civilization: An Essay in Historical Analysis» (1944 ж.) атты еңбектерінде кең көлемді экономикалық реформаларға шақырды. Өмірінің соңғы жылдарында КСРО мен АҚШ арасында ұлғайған қарама-қайшылықтарды зерттеумен айналысты. 1948 жылы ғалымның «Америкалық демократия» [13] атты іргелі еңбегі жарық көрді.

Консервативтік бағытты қолдайтын ағылшын саяси философы Майкл Оукшотт (1901-1990) «Саясаттағы рационализм және өзге эсселер» [14] атты еңбегінде алғаш рет тәжірибелік және ғылыми білім арасындағы айырмашылықтарды ажыратады. Ойшыл саясат туралы екі көзқарасты тереңірек қарастырады: саясат эмпирикалық қызметтің түрі ретінде және саясат идеология ретінде. М. Оукшотт бойынша саясат эмпирикалық қызмет ретінде түсінігі мезеттік ахуалдарға үнемі



кездейсоқ жауап қайтарудың ретсіз қимылы болып табылады. Мұндай саясат қимылдарының нақты еместігіне байланысты оның қайнар көзі болмайды және аталмыш жағдайда саясатта тәртіп, тұрақтылық қалыптаспайды. Сондықтан ол эмпиризм арқылы саясат түсінігін жаңаша айқындайды. Саяси идеологияны ойшыл пайдалы мен зиянды арасындағы жіктелуді қамтамасыз ететін және оның көмегімен мақсаты айқындалатын қағидалар деп түсінеді. Оның пікірінше, қоғам мен мемлекеттің идеологиялық артықшылықтары ахуалдарға байланысты өзгермеуі тиіс.

**Саяси ғылымдардың француз мектебі.** Франциядағы саяси ғылымдардың қалыптасуы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталды. Сол кезеңдерде Ұлттық әкімшілік мектебі, Париж университеті жанында саяси зерттеулер институты ашылды. Саяси зерттеулердің Ұлттық қоры, кейінгі саяси зерттеулердің француз ассоциациясы 1951 жылдан бастап «Саяси ғылымдардың француз журналын» баспадан шығара бастады.

Француз саясаттанушылары зерттеулері арасындағы танымал тақырыптар қатарына енді: саяси партиялар, партиялық жүйелер қызметінің мәні мен заңдылықтары; саяси жүйелер мен саяси режимдердің типологиясы.

XX ғасырдың екінші жартысындағы танымал француз саясаттанушы ретінде Морис Дюверже (1917-2014) саналады. Ол 1961 жылы жарық көрген «Саяси партиялар» [15] атты еңбегінде мынадай талдаулар жүргізеді: партиялардың құрылымдық-қызметтік ерекшеліктері; партиялардың саяси институт ретіндегі қалыптасуы мен дамуы; партиялық, парламенттік және сайлау жүйелерінің өзара байланыстары. Сонымен бірге, ол саяси режимді саяси институттың жиынтығы ретінде қарастыратын теорияны әзірледі.

Саяси режим теориясын әзірлеуге философ, саясаттанушы, әлеуметтанушы, публицист Реймон Клод Фердинанд Арон (1905-1983) ерекше үлес қосты. Ол өзінің 1965 жылы жарық көрген «Демократия және тоталитаризм» [16] атты еңбегінде саяси режимнің екі нұсқасы бар жалғыз индустриалды қоғамның қалыптасуы жүріп жатқандығын айтады: батыс демократиясы және кеңес тоталитаризмі. Ол заманауи өркениеттің мейлінше жоғары қақтығысын индустриалды қоғам талаптары (орталықтану, иерархия, тәртіп) мен демократия ережелерінен (бостандық, теңдік) көрді.

Француз саясаттану мектебінде қоғамдық құбылыстарды талдаудың құрылымдық әдістемесі кеңінен таралды. Бұл тұста саяси антрополог Клод Леви-Стросстың (1908-2009) еңбегі орасан зор. «Құрылымдық антропология» (1958 ж., 1973 ж.) [17] атты еңбегінде К. Леви-Стросс структурализмнің негізгі қағидаларын ұсынады: мәдениетті зерттеу барысында нақты құбылыстарға назар аударумен қатар құрылымдық жағынан өзара байланыстарын анықтау қажет; мәдениет құбылысын реттілікке қарағанда бір мезгілдік өлшемде үйлесімділікке сәйкес зерттеу қажет; басымдылық субъектілерге емес, құрылымдарға беріледі.

60-70 жылдары Францияда постструктурализм идеялары қалыптаса бастады. Ағымның танымал өкілі ретінде Мишель Фуко (1926-1984) саналады. «Қадағалау және жазалау» (1975 ж.) [18] атты еңбегінде ол биліктің экзистенциялық көрінісі ретінде бағыныштылар үстемдік ететін субъектілерді мәжбүрлеу мен зорлық-зомбылық жасау деп дәйектейді.

**Саяси ғылымдардың неміс мектебі.** Германиядағы заманауи саясаттану өзінің теориялық-философиялық сипатымен ерекшеленеді және саяси-әлеуметтанулық зерттеулермен ұштастырылады. Германдық саяси мектептің қуатты жағы мемлекет және оның қоғамдағы рөлі, бюрократияның орны мен рөлі және геосаяси зерттеулерді жан-жақты жүргізілуінде жатыр. Саяси ғылымдардың неміс мектебі төмендегідей бағыттар бойынша зерттеулер жүргізеді:

1. Психоанализ және философиялық дәстүрлердің жаңғыруынан туындаған әдістерді қолдануға назар аударатын саясат философиясын зерттеу (Т. Адорно, Ю. Хабермас, Э. Фромм). Мәселен, Юрген Хабермас [19] (1929 жылы туылған) 60-жылдардың басында жариялылық, жұртшылық ұғымдарын талдады. Ол зерттеген жұмыстар арасынан құқық пен демократияның өзара байланыстары туралы нәтижелерін ерекше атап өтуімізге болады. Оның пайымдауынша, ұлттық егемендік қоғам қалауымен жасалатын рационалды үрдіс болып табылады.

Эрих Фромм (1900-1980) [20] XX ғасырдағы гуманистік ойлаудың дамуына біршама серпін берді. Ол алғашқылардың бірі болып тоталитарлық қоғам мәселелерін талдады. Нацизмды кездейсоқ ауытқу деп таныған көптеген зерттеушілерге қарағанда, Э. Фромм тоталитаризмнің табандылығы мен жаңғыртылуын саяси тәжірибе мен ойлаудың түрі ретінде дәйектеді. Психоанализ

тәсілдеріне сүйене отырып ол тарихтың әлеуметтік сипаттағы түрлері мен тұлғаның өзін өзі шеттетуге мәселелерін белсенді түрде зерттеді.

2. Тоталитаризмнің әлеуметтік табиғаты, қайнаркөзі, түрлері мен белгілерін талдау (Х. Арендт, К. Поппер). Карл Раймунд Поппердің (1902-1994) пікірінше, демократия мемлекеттік құрылыстың ең жақсы түрі болып табылады. Демократия – бұл бостандықты қорғаудың құралы. Оның пікірінше, мемлекет еркін қоғам үшін өмір сүруі қажет. «Ашық қоғам және оның жаулары» [21] атты еңбегінде ол Платон, Гегель және Маркстің тоталитаризмнің идеялық негізін қалыптастырудағы рөлін талдай келе, тоталитарлық режимді сынға алады.

Тоталитаризм теориялық негізін Ханна Арендт (1906-1975) қалады. Ол өзінің «Тоталитаризм бастаулары» [22] атты көлемді еңбегінде тоталитарлық режимдердің екі тарихи түрлері: коммунизм мен фашизмге мән береді. Мемлекеттік биліктің бұл түрлерінің дамуы белгіленген тарихи кезеңдерді қамтиды: біріншісі соғысқа дейінгі, екіншісі соғыс жылдары. Еңбектің алғашқы беттерінде антисемитизм, империализм және тоталитаризм бағыттары ХХ ғасырдың көріксіз туындысы ретінде айқындалады. Оның пікірінше, тоталитаризм осы заманның мазмұны мейлінше жаман, жазалау саяси тәжірибесіне негізделген мемлекеттік биліктің ең рақымсыз және қатал түрі.

3. Саяси қақтығыстар, оның саяси қатынастар саласында көрініс табу ерекшеліктерін зерттеу (Р. Дарендорф). Философ, әлеуметтанушы әрі саясаттанушы Ральф Густав Дарендорф (1929-2009) [23] қақтығыстарға қатысушыларды былайша бөледі: ресурстарға үстемдік етушілер; үстемдік етуден тыс қалғандар. Қоғамды бөлетін қақтығыстардан шығудың жолын ол әлеуметтік тұтастықтан көреді.

**Қорытынды.** Саяси ойлар идеялық материалдары маңызды болып табылатын күрделі идеологиялық ықпалдастық жүйесінде қалыптасады және дамиды. Саяси теорияларда көрініс табатын ойлар әрдайым тарихи ахуалдарға, мәдениет, әлеуметтік-саяси психологияның даму дәрежесіне сәйкес келеді. Сондықтан саяси теорияларда зерттеушілердің идеялары халықтың дамуына ықпал етуімен қатар, өркениеттің ілгерілеуіне жол ашады.

Дәйектелгендей, шетелдік саяси ой-пікірлер әр саяси ғылымдар мектептерінде ұзақ даму жолдарынан өтті. Тұжырымдамалардың қалыптасуына жоғарыда аталып өткен саяси ғылымдар өкілдерінің пікірлері ықпал еткендігі анық. Өз кезегінде өткен ғасырда қалыптасқан тұжырымдар заманауи саяси ғылымдардың дамуына септігін тигізеді.

Тақырып ауқымының кеңдігіне байланысты зерттеу жұмысында барлық негізгі мәселелер мен түсініктерді айқындау қиынға соғады. Өткен ғасырдағы саяси теориялар мен саяси ғылымдар өз әдістемесі мен нақты айқындалған мәселелері бар бірнеше мектептердің зерттеулері нәтижесінде серпінді дамыған білім саласына айналды. Бұл кезеңді саяси ой-пікірлердің сапалық жағынан жоғары деңгейіне көтерілуімен қатар, заманауи саяси тәжірибенің маңызды құрамдас бөлігі ретінде бағалаймыз.

ХХ ғасырдың саяси идеялары мен теорияларын қарастыру барысында саяси ғылымдар қоғамдық өмірдің теориялық қажеттіліктері мен заманауи идеологияның мәнін түсінуді талап ететін шынайы қажеттіліктермен тығыз байланысты екендігін айқындадық. Сондықтан ХХ ғасырдағы саяси ғылымдардың жалпы көрінісін саясатты зерттеуге байланысты бағыттар, мектептер, мәселелер жиынтығы, теориялар мен парадигмалардың әртүрлілігімен, әдіснамалық негіздерінің көптігімен сипаттауға болады. Батыс саясаттанушының дамуы мемлекеттік саясат қажеттіліктері мен саяси үрдістер ерекшеліктері бойынша орын алатындығы байқалады. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінде пайдалану арқылы өз тиімділігін әкелетіндігіне сенімдіміз.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Dahl RA (1971) Polyarchy: participation and opposition. Yale University Press, New Haven. ISBN: 978-0-3000-1565-2.
- [2] Easton D (1953) The Political System: An Inquiry Into the State of Political Science. Knopf, NY.
- [3] Easton D (1965) A Framework for Political Analysis. Englewood Cliffs, Prentice-Hall.
- [4] Easton D (1965) A Systems Analysis of Political Life. Wiley, NY.
- [5] Алмонд Г. Политическая наука: история дисциплины // Полис. – 1997. - №6. – С. 175-183.
- [6] Алмонд Г., Верба С. Гражданская культура: политические установки и демократия в пяти странах. / Пер. с англ. Е. Генделя. – М.: Мысль, 2014. - 500 с. – ISBN: 978-5-244-01171-5.
- [7] Липсет М. Политический человек: социальные основания политики. / Пер. с англ. Е. Г. Генделя, В. П. Гайдамака, А. В. Матешук. – М.: Мысль, 2016. - 612 с. – ISBN: 978-5-244-01177-7.

- [8] Бжезинский З. Великая шахматная доска: господство Америки и его геостратегические императивы. / Пер. с англ. О.Ю. Уральской. – М.: Международные отношения, 1998. – 254 с. – ISBN: 5-7133-0967-3.
- [9] Бжезинский З. Америка и мир: беседы о будущем американской внешней политики. / Пер. с англ. И.Е. Добровольского. – М.: Астрель, 2012. – 317 с. – ISBN: 978-5-271-43908-7.
- [10] Бжезинский З. Стратегический взгляд: Америка и глобальный кризис. / Пер. с англ. М. Десятовой. – М.: АСТ, 2014. – 285 с. – ISBN: 978-5-17-087508-5.
- [11] Бжезинский З. Украинский шанс для России. / С коммент. проф. В.С. Поликарпова. – М.: Алгоритм, 2015. – 238 с. – ISBN: 978-5-906789-05-01.
- [12] Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. / Пер. с англ. Т. Велимеева. – М.: АСТ Астрель, 2011. – 571 с. – ISBN: 978-5-17-039454-8.
- [13] Laski HJ(1948) The American Democracy: A Commentary and an Interpretation. Viking press, NY.
- [14] Oakeshott M (1991) Rationalism in Politics and Other Essays. Liberty Press, Indianapolis. ISBN: 978-0-865-97095-3.
- [15] Дюверже М. Политические партии. – М.: Акад. проект, 2000. – 538 с. – ISBN: 5-8291-0096-7.
- [16] Арон Р. Демократия и тоталитаризм. / Пер. с фр. Г.И. Семенова. – М.: Текст, 1993. – 303 с. – ISBN: 978-5-87106-073-5.
- [17] Леви-Строс К. Структурная антропология. / Пер. с фр. Вяч. Вс. Иванова. – М.: ЭКСМО-Пресс, 2001. – 512 с. – ISBN: 5-04-008349-1.
- [18] Foucault M (1993) Surveiller et punir: Naissance de la prison. Gallimard. ISBN: 978-2-07072-968-5.
- [19] Хабермас Ю. Политические работы. / Пер. с нем. Б.М. Скуратова. – М.: Праксис, 2005. – 361 с. – ISBN: 5-901574-43-5.
- [20] Фромм Э. Психоанализ и этика. – М.: АСТ, 1998. – 566 с. – ISBN: 5-15-000776-5.
- [21] Поппер К. Открытое общество и его враги. – М.: Феникс, 1992. – Т. 1.: Чары Платона. – 448 с. – ISBN: 5-85042-064-9; Т. 2.: Время лжепророков: Гегель, Маркс и другие оракулы. – 528 с. – ISBN: 5-85042-063-0.
- [22] Арндт Х. Истоки тоталитаризма. – М.: ЦентрКом, 1996. – 672 с. – ISBN: 5-87129-006-X.
- [23] Дарендорф Р. Современный социальный конфликт. Очерк политики свободы. / Пер. с нем. Л.Ю. Панфиной. – М.: Росспэн, 2002. – 284 с. – ISBN: 5-8243-0370-3.

#### REFERENCES

- [1] Dahl RA (1971) Polyarchy: participation and opposition. Yale University Press, New Haven. ISBN: 978-0-3000-1565-2. (In Eng.).
- [2] Easton D (1953) The Political System: An Inquiry Into the State of Political Science. Knopf, NY. (In Eng.).
- [3] Easton D (1965) A Framework for Political Analysis. Englewood Cliffs, Prentice-Hall. (In Eng.).
- [4] Easton D (1965) A Systems Analysis of Political Life. Wiley, NY. (In Eng.).
- [5] Almond G. Politicheskaja nauka: istorija discipliny. *Polis*, 1997, 6, S. 175-183. (In Russ.).
- [6] Almond G., Verba S. Grazhdanskaja kul'tura: politicheskie ustanovki i demokratija v pjati stranah. Per. s angl. E. Gendelja. M.: Mysl', 2014. 500 s. ISBN: 978-5-244-01171-5. (In Russ.).
- [7] Lipset M. Politicheskij chelovek: social'nye osnovanija politiki. Per. s angl. E. G. Gendelja, V. P. Gajdamaka, A. V. Mateshuk. M.: Mysl', 2016. 612 s. ISBN: 978-5-244-01177-7. (In Russ.).
- [8] Bzhezinskij Z. Velikaja shahmatnaja doska: gospodstvo Ameriki i ego geostrategicheskie imperativy. Per. s angl. O.Ju. Ural'skoj. M.: Mezhdunarodnye otnoshenija, 1998. 254 s. ISBN: 5-7133-0967-3. (In Russ.).
- [9] Bzhezinskij Z. Amerika i mir: besedy o budushhem amerikanskoj vneshnej politiki. Per. s angl. I.E. Dobovol'skogo. M.: Astrel', 2012. 317 s. ISBN: 978-5-271-43908-7. (In Russ.).
- [10] Bzhezinskij Z. Strategicheskij vzgljad: Amerika i global'nyj krizis. Per. s angl. M. Desjatovoj. M.: AST, 2014. 285 s. ISBN: 978-5-17-087508-5. (In Russ.).
- [11] Bzhezinskij Z. Ukrainskij shans dlja Rossii. S komment. prof. V.S. Polikarpova. M.: Algoritm, 2015. 238 s. ISBN: 978-5-906789-05-01. (In Russ.).
- [12] Hantington S. Stolknovenie civilizacij. Per. s angl. T. Velimeeva. M.: AST Astrel', 2011. 571 s. ISBN: 978-5-17-039454-8. (In Russ.).
- [13] Laski HJ(1948) The American Democracy: A Commentary and an Interpretation. Viking press, NY. (In Eng.).
- [14] Oakeshott M (1991) Rationalism in Politics and Other Essays. Liberty Press, Indianapolis. ISBN: 978-0-865-97095-3. (In Eng.).
- [15] Djuverzhe M. Politicheskie partii. M.: Akad. proekt, 2000. 538 s. ISBN: 5-8291-0096-7. (In Russ.).
- [16] Aron R. Demokratija i totalitarizm. Per. s fr. G.I. Semenova. M.: Tekst, 1993. 303 s. ISBN: 978-5-87106-073-5. (In Russ.).
- [17] Levi-Stros K. Strukturnaja antropologija. Per. s fr. Vjach. Vs. Ivanova. M.: JeKSMO-Press, 2001. 512 s. ISBN: 5-04-008349-1. (In Russ.).
- [18] Foucault M (1993) Surveiller et punir: Naissance de la prison. Gallimard. ISBN: 978-2070729685. (In Fra.).
- [19] Habermas Ju. Politicheskie raboty. Per. s nem. B.M. Skuratova. M.: Praksis, 2005. 361 s. ISBN: 5-901574-43-5. (In Russ.).
- [20] Fromm Je. Psihoanaliz i jetika. M.: AST, 1998. 566 s. ISBN: 5-15-000776-5. (In Russ.).
- [21] Popper K. Otkrytoe obshhestvo i ego vragi. M.: Feniks, 1992. T. 1.: Chary Platona. 448 s. ISBN: 5-85042-064-9; T. 2.: Vremja lzheprorokov: Gegel', Marks i drugie orakuly. 528 s. ISBN: 5-85042-063-0. (In Russ.).
- [22] Arendt H. Istoki totalitarizma. M.: CentrKom, 1996. 672 s. ISBN: 5-87129-006-X. (In Russ.).
- [23] Darendorf R. Sovremennij social'nyj konflikt. Oчерк politiki svobody. Per. s nem. L.Ju. Pantinoj. M.: Rosspjen, 2002. 284 s. ISBN: 5-8243-0370-3. (In Russ.).

**М. О. Насимов**

Университет «Болашак», Кызылорда, Казахстан

**ЗАРУБЕЖНЫЕ ШКОЛЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ:  
ОСНОВНЫЕ ИДЕИ И ПРОБЛЕМЫ**

**Аннотация.** Возрастание роли политики, ее влияние на экономику, идеологию, культуру – характерное явление XX века. Поэтому политология как самостоятельная область социального знания сложилась в XX веке. Формирование политической науки определялось рядом факторов. Объективно это объясняется развитием индустриального общества, демократизацией общественной жизни, осложнения общественных структур, усилением политической активности народа.

В статье рассматриваются зарубежная политическая мысль в контексте особенностей школ политической науки. Цель исследования - выяснить основы современной политологии, основные ее направления и тенденции, ознакомиться с теориями выдающихся специалистов XX века. разработки которых составляют теоретические и методологические основы многих интересных, аргументированных, адекватных реальности исследований в области политической науки.

Объектом исследования является зарубежная политическая мысль англо-американской, французской и немецкой школы политических наук. Предметом исследования выступают основные идеи и проблемы зарубежных школ политической науки.

**Ключевые слова:** политическая мысль, основные политические теории, основные политические концепции, англо-американская школа политической науки, французская школа политической науки, немецкая школа политической науки, представители школ политической науки.

---

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www.nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

**ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)**

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т. М. Апендиев*  
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 21.07.2017.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.  
11,75 п.л. Тираж 2000. Заказ 4.